

Қабылдау комиссиясының ережесі

Оқуға түсуге тапсырыс жыл бойы қабылданылады:

Сіз құжатыңызды:

- Біздің сайт арқылы (құжаттардың көшірмесін email: t_kmk@mail.ru жіберсеңіз болады);
- 7 (725 33) 5-28-09, +7 (725 33) 5-28-10, +7 771-641-21-19 ХАБАРЛАСУ СЫМТЕТІГІ арқылы;
- Колледждің 1 этажында Қабылдау комиссиясы жұмыс істейді (205 кабинет)

Колледждің Қабылдау комиссиясы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін жұмыс істейді. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

1. Талапкерлердің оқуға түсу туралы өтініштері кешенді тестілеу немесе ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ бұдан әрі) нәтижелері бойынша берілген сертификаттағы балдарына сәйкес, сонымен қатар негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар ағымдағы жылдың 20 маусымнан 25 тамыз аралығында қабылданады.

Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштер 20 маусымнан 9 тамызға дейін қабылданады.

Кешенді тестілеу келесі түлектер үшін жүргізіледі:

- жалпы орта білім (Орта мектептен кейін), өткен жылғылар;
- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары(колледжден кейін);
- ҰБТ-ға қатыспаған орта мектеп;

Кешенді тестілеу 10 - 25 тамыз аралығында өткізіледі.

«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі» ЖМ 2022-2023 оқу жылына оқуға қабылдаудың Қағидалары

1. Осы Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары (бұдан әрі- Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына (бұдан әрі- Заң) сәйкес техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына (бұдан әрі- білім беру ұйымдары) оқуға қабылдаудың тәртібін белгілейді.

2. Білім беру ұйымдарына негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың тәртібі

1. Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру және түсу, емтихандарын өткізу

1.1. Білім беру ұйымдарында тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін білім беру ұйымдарының басшылары жұмысын 1 маусымнан кешіктірмей бастайтын қабылдау комиссиясын құрады.

Қабылдау комиссиясының құрамына комиссия төрағасы, жауапты хатшы және комиссия мүшелері кіреді.

1.2. Білім беру ұйымдары қабылдау комиссияларының өңірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша шешіледі.

1.3. Оқуға түсушілерді қабылдау нәтижесі туралы 30 тамызға дейін ақпараттық стендіге жариялау арқылы немесе білім беру ұйымының интернет ресурсы арқылы қабылдау комиссиялары таныстырады.

1.4. Білім беру ұйымдарында оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау:

орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша 20 маусым мен 25 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

1.5. Оқуға түсушілер білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы өтінішіне білімі туралы құжаттың түпнұсқасын, № 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы флюорография суретімен (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық – әлеуметтік сараптаманың қорытындысы), 3x4 көлемдегі 4 суретті қоса береді.

Жеке басын куәландыратын құжаттарды оқуға түсушінің өзі, ата – аналары немесе заңды өкілдері ұсынады.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар мәртебесін анықтайтын, тұрғылықты жерге тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

1. Шетелдік-шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат;
2. азаматтығы жоқ тұлға - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
3. босқын – босқынның куәлігі;
4. пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;
5. оралман – оралманның куәлігі.

Оқуға түсушілерден түскен өтініштер білім беру ұйымының тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

Кешенді тестілеу сертификатын (жоғары оқу орындарына түсу үшін ағымдағы жылы кешенді тестілеуге қатысқан өткен жылдар түлектері) немесе ҰБТ нәтижелері туралы сертификатын тапсырған (ағымдағы жылы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан бітірушілер) тұлғалар түсу емтихандарынан босатылады және осы Қағидалардың 15- тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес конкурсқа жіберіледі.

Білім беру ұйымдарына түсу емтихандары түсушілердің өтінішіне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

Техникалық және кәсіптік білімнің мамандық бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндер тізбесі осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес айқындалады.

Кешенді емтиханда «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған немесе емтиханға дәлелді себепсіз келмеген азаматтар оқуға қабылданбайды.

Түсу емтихандарын өткізу кезінде:

1. Бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын (сұрақтарын) бағалау және пәндер емтихандары кезіндегі даулы мәселелерді шешу, түсушілердің құқығын қорғау мақсатында білім беру ұйымында апелляциялық комиссия құрылады.

2. Апелляциялық комиссия құрамына апелляция комиссияның төрағасы, хатшысы және мүшелері кіреді.

3. Тестілеу немесе пәндер бойынша түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға шағым білдіруіне болады.

4. Апелляцияға өтініш тестілеу немесе түсу емтихандарының нәтижелері хабарланғаннан кейін апелляциялық комиссияға келесі күнгі сағат 13.00- ге дейін беріледі және бір тәулік ішінде өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияда қаралады.
5. Апелляциялық комиссия шешімі комиссия құрамы тізіміндегі тұлғалардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда комиссия төрағасы шешуші дауыс беруге құқылы. Комиссия жұмысы төрағаның және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылатын хаттамамен рәсімделеді.
6. Тестілеуді немесе пәндер бойынша түсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

2. Білім алушылар құрамына қабылдау

2.1 Білім беру ұйымдарына білім алуға азаматтарды қабылдау конкурстық негізінде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Конкурс: ҰБТ сертификаттарының баллдары негізінде; Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнына түсу үшін кешенді тестілеу нысанында өткізілген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша берілген сертификаттар баллдары негізінде; пәндер бойынша немесе білім беру ұйымдары жүргізген тестілеу нысаны бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған баллдар (бағалар) негізінде жүргізіледі.

2.2. Қабылдау конкурсын өткізу кезінде ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаттарында көрсетілген үш пәннің осы Қағидаларының 12 – тармағына сәйкес баллдар сомасы ескеріледі.

Білім алушылар құрамына қабылдау конкурсына қатысуға:

1. негізгі жалпы білім алғандар үшін екі пәннен 25 баллдан кем;
2. жалпы орта білім алғандар үшін үш пәннен 35 баллдан кем жинағандар жіберілмейді.

2.3. Конкурстың шарттары білім алу құқықтарын сақтауға кепілдік беруге және неғұрлым қабілетті және тиісті деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім берудің оқу бағдарламаларын меңгеруге даярлығы бар азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

2.4. Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау 25 тамыз бен 30 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

2.5. Колледжге қабылдауды қабылдау комиссиясы мамандықтар бойынша жеке ашық отырыстарда жүргізеді.